


Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ  
ұлттық консерваториясы" РММ



РГУ «Казахская национальная  
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и  
информации Республики Казахстан

05 желтоқсан 2024 ж.

күні

Алматы қ.

№ Ж-11-24

г. Алматы

Бекітемін  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
«Құрманғазы атындағы Қазақ  
ұлттық консерваториясы» РММ  
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар  
жөніндегі проректор



Г. Әбдірахман  
«05» желтоқсан 2024 ж.

**«ҚОБЫЗДЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫ: ДӘСТҮРДЕН  
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН»  
педагогтардың біліктілігін арттыру курсының  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Құрастырушылар:			
«Қобыз және баян» кафедрасының меңгерушісі		Қарсақбаева А.А.	<u>05.12.2024 ж.</u>
Келісілді:			
«Қобыз және баян» кафедрасының		Қарсақбаева А.А.	<u>05.12.2024 ж.</u>
БЖЖҚББ бөлімінің бастығы		Баймуканова А.Н.	<u>05.12.2024 ж.</u>
Қызметі	Қолы	ТАӘ	Күні

## «Қобыздың орындаушылық техникалары: дәстүрден қазіргі заманға дейін»

педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

«Қобыздың орындаушылық техникалары: дәстүрден қазіргі заманға дейін» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының оқу бағдарламасы (әрі қарай — Бағдарлама) педагогтардың «қобыз» мамандығы бойынша біліктілік деңгейін көтеруге бағытталған, қосымша музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдарында (музыкалық колледждер, арнайы музыкалық мектептер) (әрі қарай — Тыңдаушылар) білім беру үшін әзірленген.

Бағдарлама төмендегі негізгі қағидалар мен талаптарды ескере отырып:

- 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII ҚРЗ әлеуметтік кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V ҚРЗ (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
- 05.08.2021 ж. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Жарғысы;
- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережелері, ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту ережелері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы.

Қобыз — қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын ең көне музыкалық аспаптарының бірі. Дәстүрлі музыкада қобыздың маңызды орны мелодиялық импровизацияға, дыбыс мәнерлігіне және орындау

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	2 БЕТ

әдістеріне, глиссандо, вибрация әдістері сияқты бірегей ойын әдістеріне маңызды орын беріледі

Қазіргі заманғы орындаушылар дәстүрлі орындау нақышын инновациялық тәсілдермен үйлестіре отырып, қобыздың мүмкіндіктерін кеңейтуге және репертуарын әртараптандыруға және аспаптың дыбысының бірегейлігін сақтауға тырысады. Соңғы он жылда қобыз үшін жаңа оқу құралдары пайда болуда, олар аспаптың қолдану аясын кеңейтіп, орындау әдістерін және орындаушылық техниканы жетілдіруге мүмкіндік береді. Әсіресе, бүгінгі таңда қобыз классикалық музыкадан басқа, джаз, электронды музыкада және фьюжн стилінде де орындалып жүргенін ескерсек, оның өзектілігі мен әмбебаптығын дәлелдейді.

Біліктілікті арттыру курсы тақырыбының жаңашылдығы — қобызда ойнаудың дәстүрлі және заманауи әдістерін жүйелі зерделеу болып табылады. Қобыздағы жаңа техникаларды талдау, дәстүр мен инновация арасындағы байланысты түсіну үшін, сондай-ақ қазіргі заманғы қобыз техникасын меңгерген музыканттардың жаңа буынын қалыптастыру үшін қажет.

Бұл тақырыпты зерттеу қобыздың қазіргі кәсіби музыкалық білім беру жүйесіндегі рөлін түсінудің жаңа шекараларын ашуға мүмкіндік береді, оның түрлі жанрлар мен оқыту формаларына, классикалық музыкадан эксперименталды музыкаға дейінгі бейімделуін қамтиды. Батыс скрипка мектебінен алынған (арпеджио, пиццикато және т.б.) инновациялық орындау әдістерін енгізу маңызды болып табылады.

Бағдарлама бойынша оқытудың ерекшелігі — модульдік принцип болып табылады. Әрбір модуль тыңдаушылардың оқу процесіндегі нақты нәтижелерін көрсету арқылы аяқталады: практикалық сабақтар, әдістемелік баяндамалар, ашық сабақтар. Бағдарлама аясында нақты білім беру өнімдерін жасау оқытудың ілгерілеуі мен нәтижелерін айқын көрсетеді, бұл тәжірибе алмасуды және әріптестер арасында жақсы түсіністікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарламаның негізгі бағыты — қосымша музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдарының педагогтарының біліктілігін арттыру, жалпы көлемі 80 сағатты құрайды.

Бағдарлама бойынша оқыту мен білім беру процесін жүзеге асыратындар:

- Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Қобыз және баян» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы;
- бағдарламаның әзірлеушілері (авторлары);

Кафедраның тәжірибелі оқытушылары бөлісетін білім курс тыңдаушыларына олардың кәсіби педагогикалық және концерттік-орындаушылық дайындық деңгейі мен сапасын арттыруға көмектеседі.

## 2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада 1 кестеде келтірілген ұғымдар мен терминдер қолданылған

1 кесте

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	3 БЕТ

<b>Бағдарламада қолданылатын ұғымдар мен тақырыптар</b>	<b>Ұғымдар мен терминдердің анықтамасы</b>
Қобыз, қыл-қобыз	Қазақтың ең көне ішекті-ыспалы аспабы. Қобыздың аты аңызға айналған жасаушысы – IX ғасырдағы түркі ақыны Қорқыт ата. Қобыздың мойны имек, шанағы ожау тәрізді қуыс, бет жағы ашық, ал түбі көнмен қапталады
Техника	Аспапты меңгеру әдісі, орындаушының виртуоздығы, жаттығулар арқылы қол жеткізілетін орындаушының шеберлік дәрежесі
Музыкалық жады	Музыкалық әуендерді, ырғақтарды, гармонияларды және басқа дыбыстық элементтерді есте сақтау және қайта жаңғырту қабілеті
Орындаушылық техника	Музыканттың аспаптан сапалы дыбыс алу үшін қолданатын тәсілдері, дағдылары мен әдістерінің жиынтығы. Бұл жиынтыққа физикалық (қол қозғалысы, тыныс алуды дұрыс қою, үйлесімділік) мен көркемдік элементтер (бейнелілік, динамика, фразировка) кіреді.
Дәстүрлер	Қоғамда, адамдар тобында немесе ұлтта ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қалыптасқан нормалардың, әдет-ғұрыптардың, тәжірибелер мен мәдени құндылықтардың жиынтығы
Заманауилық	Біз өмір сүріп жатқан қазіргі тарихи және мәдени кезең белгілі бір әлеуметтік, экономикалық, технологиялық және мәдени үдерістермен сипатталады
Дыбыс шығару	Музыкалық аспапта дыбыс шығару процесі. Аспаптың түрі мен орындау техникасына байланысты дыбыс шығару түрлі физикалық принциптерді қолдана отырып түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады
Фразировка	Музыкалық фразаларды логикалық, әсерлі және үйлесімді етіп қалыптастыру өнері мен техникасы
Интонирование	Дыбыс биіктігін дәл жеткізу процесі, сондай-ақ музыкалық шығармадағы дыбыстарды үйлесімді сәйкестендіру
Вибрация	Музыкалық аспаптарда дыбыс шығарудың негізі болып табылатын дыбыс толқындарының тербелісі

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	4 БЕТ

Музыкалық педагогика	Білім алушыларға музыкатану ғылымының барлық кешенін жеткізумен, музыкалық оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың ең тиімді жолдарын, тәсілдерін, формалары мен әдістерін зерттеу және әзірлеумен, сондай-ақ музыкалық өнердің әртүрлі салаларында шығармашылық қабілеттерді, тәжірибені және практикалық дағдыларды қалыптастырып, дамытумен айналысатын педагогика ғылымының саласы (педагогикалық пән)
Музыкалық форма	Музыкалық шығарманың құрылымы, оның логикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты бөліктерінің өзара әрекеттесуі
Шығарманың мазмұны	Шығарма негізіне алынған идеялар мен принциптер
Репертуар	Концерттік орындаушылыққа немесе оқуға арналған оқу жұмыс бағдарламасында (концерттік, оқу-педагогикалық репертуар) белгілі бір орындаушының немесе шығармашылық ұжымның орындауына арналған музыкалық шығармалар жиынтығы
Орындаушылық	Музыканттардың, әншілердің, орындаушылардың қызметі.
Инновациялар	процестердің тиімділігін арттыруды және (немесе) нарық талап ететін өнім сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін енгізілген немесе енгізілетін инновация
Орындаушылық аппарат	адамның тірек-қимыл жүйесінің бөлігі, ол пассивті бөліктерден – сүйек буындарынан және белсенді бұлшықеттерден тұрады
Артикуляция	музыкалық аспапта ойнаған кезде бірқатар дыбыстарды орындау тәсілі
Педагогтардың біліктілігін арттыру	оқыту мен оқытудың сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны
Тыңдаушы	Біліктілікті арттыру курсына өтіп жатқан тұлға
Посткурстық қолдау	курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	5 БЕТ

### 3. Бағдарлама тақырыбы

«Қобыздың орындаушылық техникасы: дәстүрден қазіргі заманға дейін» Біліктілікті арттыру курсы қобызшы-музыканттарды кәсіби даярлауды жүзеге асыратын орындаушылар мен оқытушылардың құзыреттерін кеңейтуге бағытталған. Курсты әзірлеу барысында осы саладағы ғылыми еңбектер мен мұрағаттық материалдар зерттеліп, жүйелендірілді, қобыз педагогикасы мен орындаушылығы саласында кәсіби даярлықты ұйымдастырудағы дәстүрлі және инновациялық тәсілдер анықталды. Зерттеліп отырған салаларда өзекті тенденциялардың дамуының алдағы перспективасы белгіленді.

Бүгінгі таңдағы келесі өзекті мәселелер:

#### 1. Технологияларды оқу процесіне интеграциялау.

Қазіргі заманғы технологиялар білім беруде маңызды рөл атқарады, ал музыкалық педагогика бұған айқын мысал болып табылады. Музыканы үйренуде мультимедиялық құралдарды, онлайн-ресурстарды және мобильді қосымшаларды пайдалану білім алушыларға білімдерін тереңдетуге және оқу процесін әртараптандыруға көмектеседі. Танымал музыканттардың бейне сабақтары мен шеберлік сыныптары кез келген уақытта қол жетімді болуы мүмкін, бұл студенттерге шабыт алуға және тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

#### 2. Оқытудың креативті әдістермесіне баса назар аудару.

Маңыздысы – дәстүрлі музыкалық білім беру жүйесі көбінесе орындаудың техникалық аспектілеріне назар аударатыны. Алайда, құндылықтарға қайта баға беру жағдайында креативтілік пен жеке тұлғалық өзін-өзі білдіруге басымдық беру де маңызды болып отыр. Өнер, әдебиет, театр өнерін қамтитын көпсалалы тәсіл музыкалық шығармашылықты мәдениет контекстінде кеңірек қарастыруға көмектеседі.

#### 3. Ұлттық музыкалық мұраны сақтау және бейімдеу.

Музыкалық педагогикада ұлттық дәстүрлерді сақтауға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Әсіресе, дәстүрлі аспаптарда ойнауды үйрету үшін оқыту әдістерін бейімдеу маңызды. Ұлттық репертуарды жанарту және оны қазіргі заманғы музыкалық жанрлар контекстінде зерттеу. Шығармашылық жобалар жас музыканттарда қызығушылықты арттыра отырып, дәстүрлі және қазіргі музыкалық бағыттарды біріктіреді.

XXI ғасырда музыкалық білім беруді дамыту үшін қажетті қадамдардың бірі – жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту және тәрбие беру процесіне енгізу. Заманауи технологиялардың, шығармашылық әдістердің және мәдени дәстүрлерді сақтаудың үйлесімі рухани және Ұлттық тамырлармен байланысын жоғалтпай, қазіргі қоғамның талаптарына бейімделе алатын музыканттардың ұрпағын дайындауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның жаңашылдығы – оқытушының өз ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби дайындықтың дәстүрлі принциптерін және қазіргі білім беру кеңістігінде

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	6 БЕТ

белсенді қолданылып жүрген инновациялық технологияларды өзіне жинақтауында. Жоғары білікті кәсіби музыканттарды даярлау үшін қобыз орындаушылық педагогикасындағы әдістемелік идеялар, жаңалықтардың практикалық маңызы зор. Педагогикалық қызметті ұйымдастырудың ұтымды тәсілі тиімді педагогикалық жүйені құруға негіз бола алады.

Сондай-ақ, бұл бағдарламаның басқа бағдарламалардан ерекшелігі тыңдаушыларға практикалық сабақтардың ауқымды көлемі мен нақты оқу құралдарын өз бетінше әзірлеу арқылы кешенді кәсіби дамудың бірегей мүмкіндігін беру болып табылады. Курстың материалдары ғылыми мәліметтерге және алынған білімнің күнделікті педагогикалық тәжірибеден алынған тұжырымдарға негізделген.

Бағдарламаның негізгі мазмұны 2 кестеде келтірілген

2 кесте

<b>Бағдарлама компоненттері, модульдері</b>	<b>Бағдарлама компоненттері мен модульдерінің сипаттары</b>
<b>1 модуль.</b> Қыл-қобыз орындаушылық өнерінің тарихы мен дамуы	1.1 Арнайы, жалпы және кәсіби музыкалық білім беру жүйесінің қалыптасуы
	1.2 Орындаушылық өнер мен оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері
	1.3 Қобызшылардың көрнекті орындаушыларының кәсіби музыкалық білім беруді қалыптастырудағы рөлі
<b>2 модуль.</b> Музыкалық-орындаушылық құралдар мен тәсілдердің кешені (дыбысты шығару, фразировка, виртуоздық техникалық шеберлік және т.б.).	2.1 Музыкалық жады – музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде
	2.2 Орындаушылық техникамен жұмыс. Этюдтермен, гаммалармен және жаттығулармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды еңсеру
	2.3 Дыбыс шығару техникасымен жұмыс
<b>3 модуль.</b> Музыкант-орындаушыны тәрбиелеу процесінде көркемдік және техникалық міндеттердің бірлігі.	3.1 Қобызда ойнау кезінде қолдардың қозғалыс функцияларының жалпы сипаттамасы
	3.2 Қобыз аспабында таза дыбыс алу мәселесі
	3.3 Ойынның дыбыстық бейнелеу әдістері
	3.4 Вибрациямен жұмыс
	3.5 Негізгі аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу. Өртүрлі стильдердегі музыкалық шығармаларда

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	7 БЕТ

	аппликатуралық принциптердің көркемдік маңызы
<b>4 модуль.</b> Көркем шығармамен жұмыс.	4.1 Музыкалық шығармамен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты түрде бөлу
	4.2 Орындаушылық техникамен жұмыс, штрихтарды орындау
	4.3 Музыкалық шығарманың көркем мазмұнын және мәтінін интерпретациялау
	4.4 Музыкалық-орындаушылық құралдарымен көркемдік мәнерлілігін қолдану дағдылары
5 модуль. Негізгі оқу-әдістемелік және концерттік репертуар.	5.1 Концерттік-орындаушылық репертуарды таңдау принциптері
	5.2 Оқу-әдістемелік материалдармен жұмыс
	5.3 Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылықтары
	5.4 Қорытынды тестілеу
	5.5 Жұмысын қорғау

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Біліктілікті арттыру курсы бағдарламасының **мақсаты** – қыл-қобыздың тарихы мен эволюциясын, оның қазақ музыкалық мәдениетіндегі рөлін терең зерттеу, сондай-ақ дәстүрлі репертуар контекстінде де, қазіргі заманғы музыкалық бағыттарда да орындаушылық техниканы игеру. Академиялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіруге ерекше назар аударылады.

##### **Міндеттері:**

- Орындаушыны орындаушылық тәжірибеде көркемдік міндеттерді еркін шешуге қамтамасыз ететін қажетті техникалық дағдылар мен білімдерді игеру, кәсіби шеберлікті дамыту бойынша жұмыс жасау;
- Тыңдаушының концерттік және оқу-орындаушылық репертуарын кеңейту, музыкалық тіл мен көркемдік логика негіздерін меңгеру, әртүрлі стильдер мен бағыттардың музыкалық экспрессия құралдарының сипаттамалық ерекшеліктерін білу және еркін бағдарлау;
- Орындаушылық мәдениеттің маңызды элементтерін меңгеру, кәсіби өзін-өзі жетілдіру қажеттілікті тәрбиелеу;
- Қобыз өнері мәселелері бойынша арнайы әдістемелік және тарихи әдебиеттерді зерттеу, музыкант-орындаушының қызметіне аналитикалық көзқарасты дамыту;

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	8 БЕТ



• Пәнді игеру процесінде алынған теориялық білім, орындаушылық дағдылар мен шеберліктерге негізделген өзіндік көркемдік-орындаушылық концепциясын қалыптастыру.

### **Оқытуда күтілетін нәтижелер:**

Курсты аяқталғаннан кейін оқытушылар:

- негізгі концерттік және оқу-әдістемелік репертуарды біледі;
- орындаушылық шеберлікпен жұмыс істеудің маңызды әдістері мен тәсілдерін түсінетін болады;
  - қобыз орындаушылығы бойынша негізгі оқу-әдістемелік әдебиетті қолданады;
  - әр түрлі музыкалық стильдер үлгілерін еркін бағдарлана алады, автордың концепциясын мүмкіндігінше дәл жеткізіп, өздерінің орындаушылық жоспарын құра алады;
  - орындаушылық шеберліктің барлық элементтерін меңгеріп, өзінің кәсіби өсуі үшін қажетті құралдар мен тәсілдерді еркін қолданатын болады;
  - зерттеліп жатқан материалдың стильдік, орындаушылық ерекшеліктерін талдай алады, орындаушы аппаратының мәселелері мен оларды жеңу әдістері туралы түсінікке ие болады.

### **Педагогтардың жұмысына оқу нәтижелерінің әсері**

Оқу нәтижесінде тыңдаушылар төмендегі кәсіби құзыреттерді меңгереді:

- нормативтік құжаттардың талаптарына сүйене отырып, оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдауды дәлелді негіздей білу;
- оқытуды білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу, олардың мотивациясы мен қатысуын күшейту қабілеті;
- әр түрлі пәндік салалардағы білімнің интеграциясы және оның нақты өмірмен байланысы арқасында білім алушылардың оқу материалын неғұрлым толық және терең түсінуін қамтамасыз ету мүмкіндігі;
- әріптестермен үздік тәжірибе алмасу процесінде өзара әрекеттесуді үйрену.

## **5. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны**

Білім беру процесі Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымының талаптары мен оқытылатын тыңдаушының қажеттіліктеріне қарай (соның ішінде тыңдаушының сауалнамасының нәтижелері негізінде) бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Оқытылатын мұғалімдердің қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаның мазмұны бағдарламаны игеруге бөлінген Оқу уақытының жиынтық көлемін сақтай отырып, белгілі бір модульдер өзгеруі мүмкін.

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	9 БЕТ

## **1 модуль. Қыл-қобызда орындаушылық өнердің тарихы мен дамуы**

Бірінші модуль аспаптың кәсіби музыкалық білім берудегі ролін талдай отырып, қыл-қобыз өнерінің тарихи аспектілерін де, қазіргі заманғы үрдістерін де қамтиды. Тыңдаушыларға нормативтік құжаттар негізінде бастауыш білім беру бағдарламасының тұтас көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

## **2 модуль. Музыкалық орындаушылық құралдары мен тәсілдері (дыбыс алу, фразировка, виртуоздық-техникалық шеберлік және т.б.)**

Екінші модуль дыбыстың сипаты мен қобызда ойнау техникасын анықтайтын бірнеше маңызды аспектілерді ашады, мысалы, дыбысты шығарудың модернизацияланған әдістері, динамиканың өзгеруі, ритақты әртүрлілік, тембрлік және дыбыстық эффектілер және т.б. Модуль тыңдаушыларды қобызда ойнаудың әртүрлі музыкалық-орындаушылық құралдары мен әдістерімен таныстырады.

## **3 модуль. Орындаушы-музыкантты тәрбиелеудегі көркемдік және техникалық міндеттердің бірлігі**

Үшінші модуль музыкалық білім берудің екі негізгі аспектісін біріктірудің маңыздылығын көрсетеді: көркемдік (шығармашылық) және техникалық (орындаушылық) шеберлікті біріктірудің маңыздылығын атап өтеді, мұнда көркемділік техникалық дағдыдан жоғары қойылады. Негізгі әдістерге сольфеджио, музыкалық ойлаудың бейнелігін, ішкі тыңдау қабілетін дамыту, тыңдаушылық тәжірибені белсенді жинақтау, эмоциялық және музыкалық есте сақтау, тембрлерді ажырату және шығарма жанрлық негізін дұрыс сезіну жатады.

## **4 модуль. Көркем шығармамен жұмыс**

Төртінші модуль музыкалық шығарма бойынша жұмыстың негізгі кезеңдеріне назар аударады. Бұл модуль талдау мен орындаушылық шеберліктің әртүрлі аспектілерін игеруге мүмкіндік беретін теориялық және практикалық жұмысты қамтиды. Модуль аясында музыкалық шығармаларды талдау, мәтінмен жұмыс жасау, форма, гармония, мелодия, ритмикалық құрылымдар мен динамика сияқты элементтерді сақтау мәселелері қарастырылады. Шығармалардың стильдік ерекшеліктері: жанр, дәуір, композиторлық ерекшеліктер және олардың интерпретацияға әсері талданады және т.б.

## **5 модуль. Негізгі оқу-әдістемелік және концерттік репертуар**

Бесінші модуль – оқытушыларды даярлауда орындаушылардың техникалық және көркемдік дағдыларын қалыптастыру үшін маңызды элементтерінің бірі – қажетті репертуарды таңдау. Репертуар екі негізгі санатқа бөлінеді: оқу-әдістемелік және концерттік. Осы санаттардың әрқайсысы оқытудың әртүрлі кезеңдерінде өз мақсаттары мен міндеттерін орындайды. Репертуар екі негізгі категорияға бөлінеді: оқу-әдістемелік және концерттік. Әрбір категория өзінің мақсаттары мен міндеттерін әр түрлі оқу кезеңдерінде көздейді.

Оқу-әдістемелік репертуар арнайы техникалық функциялар мен тәсілдерді меңгеру үшін таңдалған шығармаларды қамтиды. Оқу репертуарының негізгі мақсаты – студенттерге орындау техникасын жақсартуға, координацияны, ритм

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	10 БЕТ

сезімін және дыбыс шығаруды дамытуға көмектесу. Репертуарды студенттердің жас ерекшелігіне және дайындық деңгейіне қарай таңдау қажет.

Концерттік репертуарды таңдау келесі міндетті кезеңдерден тұрады: концерттің тақырыбы мен мақсаттарын анықтау, жанрлық бағытты таңдау, орындаушының мүмкіндіктерін бағалау және т.б.

Осылайша, бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары жоғары және орта кәсіптік білім беру базасында білім беру ұйымының бейіні бойынша барлық деңгейдегі оқытушылардың біліктілігін арттырудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, олардың жан-жақты кәсіби дамуын және білім алушылардың білім беру нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз ету үшін мұқият құрылымдалған.

Білім беру үдерісі Бағдарлама жоспарына сәйкес 3 және 4 кестелерге сай ұйымдастырылады.

### Бағдарлама жоспары (80 сағат – оффлайн оқыту)

3 кесте

№	Сабақ тематикасы	Күндізгі оқу, 80 сағат				Барлығы
		Теориялық сағат	Практикалық сабақ	Жұмысты қорғау	Тестілеу	
<b>1 модуль. Кыл-кобызда орындаушылық өнерінің тарихы және дамуы</b>		<b>3</b>	<b>3</b>			<b>6</b>
1.1	Арнайы, жалпы және кісіби музыкалық білім беру жүйесінің қалыптасуы	1	1			2
1.2	Орындаушылық және оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері	1	1			2
1.3	Көрнекті кобызшы-орындаушылардың кәсіби музыкалық білім беру жүйесін қалыптастырудағы рөлі	1	1			2
<b>2 модуль. Музыкалық орындаушылық құралдар мен әдістер кешені (дыбыс шығару, фразировка, виртуоздық техникалық шеберлік және т.б.)</b>		<b>3</b>	<b>3</b>			<b>6</b>
2.1	Музыкалық жады – музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде	1	1			2

2.2	Орындаушылық техникамен жұмыс. Этюдтер, гаммалар және жаттығулармен жұмыс жасау кезінде техникалық қиындықтарды еңсеру	1	1			2
2.3	Дыбыс шығару техникасымен жұмыс	1	1			2
<b>3 модуль.</b> <b>Музыкант-орындаушыны тәрбиелеу процесіндегі көркемдік және техникалық міндеттердің бірлігі</b>		<b>10</b>	<b>20</b>			<b>30</b>
3.1	Кобызда ойнау кезінде қолдың қозғалыс функцияларының жалпы сипаттамасы	2	4			6
3.2	Қобыздағы интонирование мәселесі	2	4			6
3.3	Аспапта ойнаудың дыбыс жасау тәсілдері	2	4			6
3.4	Вибрациямен жұмыс	2	4			6
3.5	Негізгі аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармаларда аппликатура принциптерінің көркемдік мәні	2	4			6
<b>4 модул .</b> <b>Көркем шығармамен жұмыс</b>		<b>9</b>	<b>13</b>			<b>22</b>
4.1	Музыкалық шығармамен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты бөлу	3	2			5
4.2	Штрихтарды орындау техникасымен жұмыс	3	5			5
4.3	Музыкалық шығарманың көркем мазмұнын және мәтінін интерпретациялау	3	4			7
4.4	Музыкалық-орындаушылық көркемдік құралдарды қолдану дағдылары	3	2			5
<b>5 модуль.</b> <b>Негізгі оқу-әдістемелік және концерттік репертуар</b>		<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>		<b>6</b>
5.1	Концерттік-орындаушылық репертуарын таңдау принциптері	1	1			2
5.2	Оқу-әдістемелік материалдармен жұмыс	1	1			2
5.3	Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылығы	1	1			2

5.4	Тестілеу				1	
5.5	Жұмысын қорғау			1		
Барлығы		<b>31</b>	<b>45</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

### Бағдарлама жоспары (80 часов – онлайн оқыту)

4 кесте

№	Сабақ тематикасы	Күндізгі оқу, 80 сағат				Барлығы
		Теориялық сабақ	Практикалық сабақ	Жұмысын қорғау	Тестілеу	
<b>1 модуль. Кыл-кобызда орындаушылық өнерінің тарихы және дамуы</b>		<b>3</b>	<b>3</b>		<b>1</b>	<b>6</b>
1.1	Арнайы, жалпы және кісіби музыкалық білім беру жүйесінің қалыптасуы	1	1			2
1.2	Орындаушылық өнер мен оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері	1	1			2
1.3	Қобызшылардың көрнекті орындаушыларының кәсіби музыкалық білім беруді қалыптастырудағы рөлі	1	1			2
<b>2 модуль. Музыкалық орындаушылық құралдар мен әдістер кешені (дыбыс шығару, фразировка, виртуоздық техникалық шеберлік және т.б.)</b>		<b>3</b>	<b>3</b>			<b>6</b>
2.1	Музыкалық жады – музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде	1	1			2
2.2	Орындаушылық техникамен жұмыс. Этюдтер, гаммалар және жаттығулармен жұмыс жасау кезінде техникалық қиындықтарды еңсеру.	1	1			2

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	13 БЕТ

2.3	Дыбыс шығару техникасымен жұмыс	1	1			2
<b>3 модуль. Музыкант-орындаушыны тәрбиелеу процесіндегі көркемдік және техникалық міндеттердің бірлігі</b>		<b>10</b>	<b>20</b>			<b>30</b>
3.1	Кобызда ойнау кезінде қолдың қозғалыс функцияларының жалпы сипаттамасы	2	4			6
3.2	Қобыз аспабында таза дыбыс алу мәселесі	2	4			6
3.3	Аспапта ойнаудың дыбыс бейнелеу әдістері	2	4			6
3.4	Вибрациямен жұмыс	2	4			6
3.5	Негізгі аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу. Өртүрлі стильдердегі музыкалық шығармаларда аппликатуралық принциптерінің көркемдік маңызы	2	4			6
<b>4 модуль . Көркем шығармамен жұмыс</b>		<b>12</b>	<b>16</b>			<b>22</b>
4.1	Музыкалық шығармамен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты бөлу	3	4			7
4.2	Орындаушылық техникамен жұмыс, штрихтарды орындау	3	4			7
4.3	Музыкалық шығарманың көркем мазмұнын және мәтінін интерпретациялау	3	4			6
4.4	Музыкалық-орындаушылық көркемдік құралдарымен мәнелілігін қолдану дағдылары	3	4			6
<b>5 модуль. Негізгі оқу-әдістемелік және концерттік репертуар</b>		<b>3</b>	<b>3</b>			<b>8</b>
5.1	Концерттік-орындаушылық репертуарын таңдау принциптері	1	1			3
5.2	Оқу-әдістемелік материалдармен жұмыс	1	1			3

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	14 БЕТ

5.3	Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылығы	1	1			2
5.4	Тестілеу				1	
5.5	Жұмысын қорғау			1		
<b>Барлығы</b>		<b>31</b>	<b>45</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында біліктілікті арттыру тыңдаушыларына арналған оқу процесі дәстүрлі оқыту формаларын және қазіргі заманғы әдістерді біріктіретін жүйелі тәсілді көздейді. Консерватория музыканттардың білім беру, шығармашылық және зерттеу қызметі үшін кең мүмкіндіктерге ие, бұл тыңдаушыларға өз кәсіби дағдыларын кеңейтіп, кобызда орындаушылық шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік береді.

Оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып лекциялар мен семинарлар табылады. Лекцияларды консерваторияның жетекші оқытушылары мен шақырылған сарапшылар жүргізеді.

Оқу процесін ұйымдастыруда маңызды акцент практикалық сабақтарға жасалады, мұнда тыңдаушылар консерваторияның тәжірибелі орындаушылары мен оқытушылардың жұмысын бақылап, белгілі бір жағдайларда концерттік бағдарламаға немесе шеберлік сыныбына қатыса алады.

Тыңдаушылардың дербес жұмысын қолдау консерваторияның медиатекасымен қамтамасыз етіледі, онда көрнекті орындаушылардың аудио және бейнемазмұндары, архивтік материалдар мен оқу бейнемазмұндары жинақталған. Курс тыңдаушылары музыкалық шығармалардың түрлі интерпретацияларына қол жеткізіп, орындаушылық техникамен таныса алады, сондай-ақ қазіргі заманғы оқыту бағдарламалары мен қосымшаларын пайдалана отырып, ноталық редакторлар немесе есту мен ритмді қалыптастыруға арналған жаттықтырушы бағдарламалар арқылы оқи алады.

Консерваторияның кітапханасы білім беру процесіне енгізілген және тыңдаушыларға ноталық әдебиетке, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстардың базасына қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Сондай-ақ әртүрлі дәуірлердің музыкалық шығармаларының сирек басылымдарымен танысуға мүмкіндік беріледі.

Процесті ұйымдастырудың бірегей әдісі – тәжірибе алмасу болып табылады, ол тыңдаушылар мен консерватория оқытушыларының жеке кеңес беру барысында жүзеге асырылады, мұнда тыңдаушылар оқыту және концерттік бағдарламаларды дайындау бойынша бағалы кеңестер ала алады. Топтық талқылаулар оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарды оқу бағыты бойынша консерватория кафедраларының мәжілістерінде және дөңгелек үстелдер барысында талқылауға қатысу арқылы жүзеге асырылады.

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	15 БЕТ

Консерватория тыңдаушыларға университеттің белсенді музыкалық өміріне қатысу мүмкіндігін ұсынады, мұнда күн сайын үш концерт залында өткізілетін сыныптық және есептік концерттер, сонымен қатар шақырылған музыканттардың қатысуымен өтетін концерттер ұйымдастырылады.

Кәсіптік біліктілікті арттыру курсы аясындағы оқу жоғары сапалы музыкалық аспаптармен жабдықталған заманауи оқу аудиторияларында жүргізіледі (Steinway&Sons, Fazioli, Yamaha, Bluthner және т.б.). Тыңдаушыларға курсты өту кезеңінде музыкалық аспапты жалға алуға болатын музыкалық аспаптар қоймасы қолжетімді.

Қосымша ретінде консерватория ғылыми-педагогикалық конференциялар мен көрмелер ұйымдастырады. Тыңдаушылар консерваторияның кез келген оқытушысына қазіргі кәсіби оқыту мәселелері бойынша кеңес алу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ өз таңдауы бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның сабақтарына қатыса алады.

Консерватория тыңдаушыларға университеттің белсенді музыкалық өміріне қатысу мүмкіндігін ұсынады, мұнда күн сайын үш концерт залында өткізілетін сыныптық және есептік концерттер, сонымен қатар шақырылған музыканттардың қатысуымен өтетін концерттер ұйымдастырылады.

Квалификациялық арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

- 1) Жоспар бойынша 80 академиялық сағаттық күндізгі оқу;
- 2) Жоспар бойынша 80 академиялық сағаттық онлайн оқыту.

Офлайн режиміндегі білім беру процесі келесі оқыту және бағалау түрлерін қамтиды:

- теориялық;
- практикалық;
- тестілеу;

Онлайн оқыту режимі келесі оқыту және бағалау түрлері мен әдістерін қамтиды:

- теориялық;
- практикалық;
- тестілеу;

Оффлайн оқыту режиміндегі білім беру процесі әртүрлі оқыту формаларына негізделеді, олардың ішінде дәріс сабақтарына қатысу, шеберлік сыныптары, ғылыми конференцияларға қатысу (егер олар БА өту кезеңінде өткізілсе), ашық сабақтар, концерттер, вебинарлар, интерактивті лекциялар, топтық талқылаулар, практикалық тапсырмалар, рөлдік ойындар және жағдайлар талдауы бар. Білім беру процесінде маңызды орын проблемалық оқыту және зерттеу қызметі әдістеріне беріледі, олар тыңдаушыларда сын тұрғысынан ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, заманауи білім беру технологияларын қолдану көзделеді, соның ішінде мультимедиялық презентациялар мен интерактивті өзара әрекеттесу үшін цифрлық платформалар.

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	16 БЕТ



Онлайн оқыту режимінің ерекшелігі оқу процесін қолдау мен өзара әрекеттесу үшін цифрлық платформалар мен құралдарды пайдалану болып табылады. Бұл виртуалды сыныптар, бейнеконференциялар, онлайн-дискуссиялық форумдар, интерактивті оқу материалдары мен тесттерді қамтиды. Онлайн оқыту оқу процесін әрбір тыңдаушының жеке қажеттіліктеріне икемді бейімдеуге мүмкіндік береді, оқу материалдарына кез келген уақытта және кез келген жерден қол жеткізуге жағдай жасайды, бұл оқу мотивациясы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Консерваторияның біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы – жеке сабақтар. Оқу әдісін таңдау тыңдаушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне, музыкалық даму деңгейіне және өмірлік психологиялық тәжірибесіне байланысты. Біліктілікті арттыру курстарында әртүрлі сабақ түрлері қолданылады: практикалық – жеке, топтық, теориялық, аралас формалар. Бағдарлама аясында оқыту стратегиясы әртүрлі деңгейдегі төрт-бес педагогтан тұратын шағын топтарда ұйымдастырылады.

Оқыту және білім беру әдістерінің сипаты тыңдаушыларды белсенді түрде оқыту процесіне және шешім қабылдауға тартатын икемді, инновациялық және тыңдаушыға бағытталған білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Тыңдаушыларға оқу материалын алдын ала зерттеу үшін қосымша материалдар беріледі, сондай-ақ білім беру бағдарламасының кейбір бөлімдерін өз бетімен меңгеру немесе кез келген оқу кезеңін бекіту мүмкіндігі беріледі.

Курстың басынан бастап тыңдаушыларға онлайн - қауымдастыққа тіркелу ұсынылады, яғни оқытушылар мен педагогтар үшін онлайн қауымдастықтар құрылып, онда олар тәжірибе алмасып, сұрақтар қойып, материалдармен бөлісіп, оқудан тыс өзара әрекеттесуді қолдай алады.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.**

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі курстың оқу-әдістемелік материалдарынан тұрады, олар мыналарды қамтиды:

- оқу-білім беру бағдарламасы және оқу күнтізбесі,
- оқуды өту үшін;

тыңдаушының іс-тәжірибесі, ол бағдарламаның мазмұны мен маңызды дереккөздер тізімімен толықтырылатын құрылымдалған материалдардың жинағы немесе ақпараттық кітапхана болып табылады;

- тыңдаушының күнделігі, оны курстық оқу кезінде қолдану үшін;
- бағалау құжаты – тыңдаушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау көрсеткіштері, тесттер, практикалық тапсырмалар және курстың соңында бақылау және қорытынды тексерулерді жүргізуге арналған іс-тәжірибелер;

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ А ТЫҢДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	17 БЕТ

- электронды онлайн-құралдар – интерактивті база, қосымшалар мен веб-сайттар, оқу-білім беру құжатын меңгеруге арналған қосымша материалдар, тапсырмалар, тесттер, форумдар, конференциялар және басқа да құралдар тыңдаушылардың оқу және өз бетімен жұмыс жасауына қолдау көрсету үшін.

Оқытылатын модульдердің негізгі мазмұны және өзін-өзі бағалау критерийлерін көрсететін нәтижелер 5-кестеде көрсетілген.

5 кесте

<b>Модуль</b>	<b>Оқу материалын игеру бойынша тапсырмаларды қамтитын негізгі мазмұны</b>	<b>Өзіне баға беру критерийлерін көрсететін қорытындылар</b>
<b>1 Модуль. Қыл-қобызда орындаушылық өнерінің тарихы және дамуы</b>	1.1. Арнайы, жалпы және кісіби музыкалық білім беру жүйесінің қалыптасуы	Тарихи контексті түсіну, негізгі тұлғаларды талдау және олардың музыка біліміндегі үлесі.
	1.2. Орындаушылық өнер мен оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері	Педагогикалық және орындаушылық өнердегі заманауи тенденцияларды қолдану
	1.3. Қобызшылардың көрнекті орындаушыларының кәсіби музыкалық білім беруді қалыптастырудағы рөлі	Қылқобыздың және орындаушылардың қазіргі кәсіби музыкалық білім беру жүйесіндегі тарихи рөлін ұғыну
<b>2 Модуль. Музыкалық орындаушылық құралдар мен әдістер кешені</b>	2.1. Музыкалық жады – музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде.	Музыкалық жады ұғымы, оның түрлері мен қызметтері. Шығарманы есте сақтау жұмысының тәсілдері

<b>(дыбыс шығару, фразировка, виртуоздық-техникалық шеберлік және т.б.)</b>	2.2.Орындаушылық техникамен жұмыс. Этюдтер, гаммалар және жаттығулармен жұмыс жасау кезінде техникалық қиындықтарды еңсеру.	Орындаушылық техникамен жұмыс жасау әдістері, орынды жаттығулардың егжей-тегжейлі жүйелеу. Ойынның техникалық компоненттерін жалпы кәсіби процесті қамтумен үйлестіріп, процестің кәсіби бөлу
	2.3.Дыбыс шығару бойынша жұмыс	Дыбыс биіктігін дәл қайта жаңғырту, техника мен экспрессивтілік арасындағы тепе-теңдікті сақтау, тембр мен артикуляцияны өзгерту, сондай-ақ орындаудың экспрессивтілігі мен үйлесімділігі бойынша жұмыс істеу қабілеті
<b>3 модуль. Музыкант-орындаушыны тәрбиелеу процесінде көркемдік және техникалық міндеттердің бірлігі.</b>	3.1.Кобызда ойнау кезінде қолдардың қозғалыс функцияларының жалпы сипаттамасы	Әрбір қолдың қозғалыс функцияларының жалпы сипаттамасы, координациясы, моториканың және шеберліктің дамуы туралы білім
	3.2.Қобыз аспабында таза дыбыс алу мәселесі	Орындау техникасын жақсартады, музыкаға, оның экспрессивтілігіне және эмоционалдық әсеріне тереңірек түсінуге ықпал етеді
	3.3.Аспапта ойнаудың дыбыстық бейнелеу әдістері	Экспрессивті құралдардың палитрасын кеңейтуге көмектеседі, бұл оларға көпқабатты, бай және эмоционалды түрде әсерлі музыкалық шығармаларды жасауға мүмкіндік береді
	3.4.Вибрациямен жұмыс	Жиілік мен вибрация амплитудасын көбейтуімен жұмыс жасауды көмегімен дірілдің жиілігі мен амплитудасын арттыру жұмысы арқылы музыкадағы тереңдік

		пен эмоцияларды жеткізуге көмектеседі
	3.5.Негізгі аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу. Өртүрлі стильдердегі музыкалық шығармаларда аппликатура принциптерінің көркемдік мәні	Практикада аппликатуралық ойлауды дамыту. Негізгі аппликатуралық принциптерді түсіну.
<b>4 модуль. Көркем шығармамен жұмыс</b>	4.1.Музыкалық шығармамен жұмыс істеудің негізгі кезеңдеріне шартты түрде бөлу	Музыкалық шығарма бойынша жұмыс кезеңдері: шығармамен танысу және оны талдау, бөлшектермен жұмыс, шығарманың барлық бөлімдерін біртұтас ретінде жинау және пьесаны сахналық орындауға дайындау
	4.2. Орындаушылық техникамен жұмыс, штрихтарды орындау	Музыкалық шығарманы орындаудың техникалық дәлдігі жөніндегі өртүрлі ұсыныстарды қолдану
	4.3.Музыкалық шығарманың көркем мазмұнын және мәтінін интерпретациялау	Музыкалық шығарманың көркем мазмұнын және оның мәтінін, стилін интерпретациялаудың негізгі аспектілерін түсіну
	4.4.Музыкалық-орындаушылық көркемдік құралдарды қолдану дағдылары	Қозғалыс-техникалық дағдыларды дамыту әдістері мен тәсілдерін практикада қолдану. Өртүрлі фортепиано мектептерінің базалық әдіс-тәсілдері
<b>5 модуль. Негізгі оқу-әдістемелік және концерт</b>	5.1.Концерттік-орындаушылық репертуарын таңдау принциптері	Тәжірибеде техникалық дайындық деңгейіне сәйкес оқу және концерттік бағдарламаны

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	20 БЕТ

<b>репертуары</b>		таңдау
	5.2. Оқу-әдістемелік материалдармен жұмыс	Оқу-әдістемелік материалдарды пайдалану бойынша әртүрлі ұсыныстарды қолдану, олар білім беру, дағдыларды дамыту және теориялық білімдерді меңгеруге бағытталған
	5.3. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылығы	Оқу және концерттік репертуарды таңдау процесіне қатысудың маңыздылығын түсіну
	5.4. Тестілеу	Практикада алынған білімдер мен дағдыларды қолдану
	5.5. Жұмысын қорғау	Заманауи музыкалық білім беру педагогикасының негізгі тенденциялары мен дағдыларының зерттелген критерийлерін және дағдыларын көрсету

## 8. Оқыту нәтижелеріне баға беру.

Тыңдаушыларды бағалау сабақтар барысында (ағымдағы бағалау) және курс аяқталғаннан кейін (қорытынды бағалау) критериялық әдістер негізінде жүргізіледі:

- формативті бағалау (БА курстарына қатысу, барлық модульдер бойынша практикалық және теориялық жұмыстарды бағалау)
- суммативті бағалау (тестілеу, жалпы балл).

Курс модульдерін меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар қорытынды тестілеуді тапсырады. Бағаланып жатқан практикалық жұмыстар:

- камералық-вокалды немесе камералық-аспаптық музыкадан екі музыкалық шығарманың орындауының бейнемазмұны;
- таңдалған білім беру бағдарламасы тақырыбына эссе;

авторлық курс тақырыбы бойынша әдістемелік баяндамалар немесе ашық сабақтар.

Авторлық курс бойынша тапсырмаларды тыңдаушылар жеке дайындалады. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға оқытушы тарапынан топтық немесе жеке консультациялық көмек көрсетіледі. Тапсырмалар

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	21 БЕТ

белгіленген кестеге сәйкес тапсырылады, жетілдіру жолдарын көрсету арқылы толық кері байланыс алуға мүмкіндік беріледі.

Қорытынды жұмыстарына баға беру үшін (таңдау бойынша) келесі критерийлер белгіленеді:

- 0 балл - орындалмаған;
- 50-74 балл - жартылай орындалған;
- 74-100 балл - толық орындалған.

Орындаған қорытынды жұмыс үшін максималды балл саны 100 балл, мұндағы:

- 1) «Өте жақсы»: 85-100%;
- 2) «Жақсы»: 75-84%;
- 3) Қанағаттанарлық»: 50-74%.

Қорытынды баға оқу жетістіктерін бағалау критерийлері негізінде құралады, оған сабақтарға қатысу, сабақтардағы белсенділік және қорытынды тестілеудің нәтижелері кіреді. Бағалау критерийлерінің арақатынасы келесідей: 10% – қатысу, 40% – белсенділік, 50% – қорытынды тестілеу нәтижелері.

Қорытынды тестілеуге 80%-дан кем емес сабақтарға қатысқан және қорытынды тестілеуді тапсырған тыңдаушылар ғана қатыса алады.

Тыңдаушылардың белсенділігі мен практикалық жұмысы күнделікті бағаланады. Әрбір позиция бойынша максималды баға 20 баллды құрайды. Осылайша, формативті бағалау бойынша жалпы балл 40 болады.

Суммативті бағалау баллы қорытынды тестілеу нәтижелеріне сәйкес анықталады.

Қорытынды орташа бағасы 50 және одан жоғары балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі.

## 9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі педагогтың қызметін қолдау – бұл курстардан кейінгі қызметтің мониторингін жүргізу және курстан кейінгі кезеңде кеңес беру мен әдістемелік көмек көрсету арқылы педагогтың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруді жүзеге асыратын іс-шаралардың механизмін қамтитын нақты құрылымдалған алгоритм. Осы алгоритмнің нәтижесінде педагогтың біліктілік дағдыларының түсінігі, теорияны практикада қолдану, жеке даму және кәсіби жетістіктері жетілдіріледі.

Курстан кейінгі педагогты қолдаудың **мақсаты** – бұл педагогтың кәсіби қызметін курстан кейінгі кезеңде тиімді жақсарту, кәсіби құзыреттілікті дамыту бағытында әдістемелік көмек көрсету.

Курстан кейінгі педагогты қолдаудың **міндеттері**:

1. Курстық және курстан кейінгі кезеңдерде біліктілікті арттыруды қолдау;
2. Педагогқа теориялық білімдерін практикада қолдануға көмек көрсету;

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	22 БЕТ

3.Болашақ кәсіби өсу үшін жеке білім беру траекторияларын жоспарлау.

Педагогтың курстан кейінгі іс-әрекетін қолдаудың **жүзеге асырылу түрлері:**

1. Тыңдаушыларға педагогикалық және диагностикалық қызметінде әдістемелік және сараптамалық көмек көрсету;

2. Педагогикалық және зерттеу қызметінің қорытынды жұмыстарын іске асыру және дайындауда сараптамалық көмек көрсету;

3. Тәжірибе алмасу іс-шараларын (семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, конференциялар және басқа да білім беру іс-шаралары) ұйымдастыруға көмек көрсету.

Курстан кейінгі қолдау бірнеше кезеңнен тұрады:

**Бірінші кезең.** Курс тыңдаушылары мен жетекшісі курстан кейінгі кезеңде педагогтың дамуы үшін қажетті құзыреттерді анықтап, күтілетін нәтижелерді белгілейді.

**Екінші кезең.** Курс тыңдаушылары өздерінің кәсіби құзыреттерін курстан кейінгі тәжірибеде дамыту үшін жеке даму траекториясының жоспарын құрады. Курс жетекшісі тыңдаушылардың өтініштері бойынша кездесулер ұйымдастырады және бар қиындықтар бойынша кеңес береді.

**Үшінші кезең.** Тыңдаушы жеке жоспарында көрсетілген шараларды жүзеге асырады. Жетекші педагогты курстан кейінгі кезеңде жеке консультациялар ұйымдастыру, жоспарланған шараларды ұйымдастыру мен орындауға көмек көрсету, педагогтың жеке жоспарын орындау нәтижелерін анықтау және конструктивті кері байланыс жүргізу арқылы қолдайды.

**Төртінші кезең.** Курстан кейінгі қолдау нәтижелері бойынша тыңдаушы мақалалар әзірлеп, жариялайды, әдістемелік баяндамалар мен басқа да жұмыстар жазады. Бұл материалдар тәжірибе алмасу және концертмейстерлік өнер саласындағы кәсіби құзыреттер деңгейін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар үшін қызмет етеді. Мұндай тәсіл білім мен дағдыларды тереңдетуге, сондай-ақ осы салада үздіксіз даму үшін ынталы мамандар қауымдастығын құруға ықпал етеді.

Курсты аяқтап, алған білімдерін, дағдыларын практикада табысты қолданатын педагогтар тәжірибе алмасу шараларына қатысуға тартылады, мұнда олардың жетістіктері мен кәсіби тәжірибесі қоғамдық түрде танылып, бағаланады.

Ұсынылған курстан кейінгі қолдауды жүзеге асырудың түрлері б-кестеде көрсетілген.

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	23 БЕТ

№	Атауы	Қортыныды лау формасы
1	Біліктілікті арттыру курстарында жоспарланған сабақ/дәріс өткізу	Ашық сабақ
2	Құрманғазы атындағы ҚҰК кафедра профессорлары мен шақырылған музыканттар тарапынан түрлі мамандықтар бойынша шеберлік сыныптарын өткізу	Шеберлік сыныптары
3	Білім беру саласында/қалада/облыста тәжірибе алмасу мақсатында конференциялар мен семинарлар өткізу	Жоспар мен іс-шараның хаттамасы  Іс-шарада қабылданған ұсынымдар
4	Қобыз өнері саласындағы негізгі үрдістерді ілгерілету мақсатында тәжірибе алмасу	Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар
5	Өзінің жеке музыкалық туындыларын жазу	Пьесалар жинағы
6	«XXI ғасырдағы Қазақстан авторларының шығармаларына шолу» тақырыбында эссе жазу	Эссе
7	Оқыған педагогтардың оқу барысында меңгерген негізгі тенденцияларды тәжірибеде енгізу нәтижелері бойынша дөңгелек үстел өткізу, (оқытудан кейін 1 күнтізбелік жыл өткен соң)	Іс-шаралар жоспары мен есебі
8	Авторлық курс тақырыбы бойынша әдістемелік баяндама жазу	Баяндама, хабарламалар
9	Дирижерлік ерекшеліктер әртүрлі оркестрлік ұжымдармен жұмыс жасауда» курсының нәтижелері бойынша өткізілетін дөңгелек үстел (оқыту аяқталғаннан кейін 1 жыл өткен соң)	Жоспар және дөңгелек үстелдің хаттамасы

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	24 БЕТ



## Курстан кейінгі мониторинг

Курстан кейінгі мониторинг - бұл педагогтардың посткурстық қызметін бақылау, диагностикалау және бағалау процесі.

Курстан кейінгі мониторингтің **мақсаты** – тыңдаушылардың кәсіби қызметінің нақты жағдайын Құрманғазы атындағы ҚҰК біліктілікті арттыру бағдарламаларының күтілетін нәтижелерімен салыстыру, оның ішінде оффлайн оқу форматы да қамтылады. Сондай-ақ, бұл курстан кейінгі қолдаудың диагностикасы мен мониторинг нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларын жаңартуға қатысты шешім қабылдауды қамтиды.

Курстан кейінгі мониторингтің **міндеттері:**

1. Құрманғазы атындағы ҚҰК білім беру бағдарламалары бойынша курстарды аяқтаған тыңдаушылардың курстан кейінгі қызметі туралы нақты және сенімді ақпарат беру;
2. Ақпаратты жинау, жүйелеу және диагностика әдістерін жасау және іске асыру;
3. Құрманғазы атындағы консерваторияның білім беру бағдарламаларын жақсарту және түзету.

Курстан кейінгі мониторингтің нысаны - білікті педагогтың кәсіби қызметі.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асыру келесі әрекеттерді қамтиды:

1. ақпарат жинау үшін сауалнамалар жасау;
2. педагогтар арасында сауалнамаларды ұйымдастыру;
3. курстан кейінгі қолдау үшін пайдаланылатын деректерді жинау;
4. деректерді өңдеу және сақтау;
5. есеп беру.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асырудың түрлері: сауалнамалар жүргізу, ақпаратты сұрыптау, статистикалық деректерді өңдеу, ақпаратты зерттеу және диагностика.

Курстан кейінгі мониторинг заманауи инновациялық технологияларды белсенді енгізуді қамтиды.

Курстан кейінгі мониторинг үшін деректерді жинау және өңдеу, Құрманғазы атындағы ҚҰК курстарын аяқтаған педагогтармен курстар басталмай тұрып құрылған WhatsApp топтары арқылы байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады.

### Педагогты курстан кейінгі қолдау жоспары мен есебін құру бойынша ұсыныстар

Курстардың

тақырыптары: \_\_\_\_\_

Курстан өту күндері: \_\_\_\_\_

Курс оқытушыларының аты- жөні \_\_\_\_\_

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	25 БЕТ

Тыңдаушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Жеке жоспарды құру кезінде БАҚ, курстан кейін бір жыл ішінде өткізілетін іс-шаралар көрсетіледі, олардың өткізілу мерзімімен.

Жоспарланған іс-шаралардың мысалдық мазмұны: ашық сабақ (тақырып көрсетілген), мастер-класс, дөңгелек үстел, біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша семинар өткізу, БА курсының тақырыбы бойынша вебинар өткізу, біліктілікті арттыру курстары бойынша әдістемелік баяндамалар жазу, концерттер, тәжірибе алмасу, өз музыкалық туындыларын жасау, рефлексиялық есеп және т.б.

### Посткурстық жұмыс бойынша Есеп формасы

Курстардың тақырыбы: \_\_\_\_\_

Курстан өткен күндері : \_\_\_\_\_

Курс оқытушысының аты-жөні \_\_\_\_\_

Тыңдаушының аты-жөні \_\_\_\_\_

№	Іс-шара	Өткізу күні	Қысқаша сипаттама	Дәлелдейтін ақпараттар (фото, сілтеме және т.б.)
1				
2				
3				
4				
5				

Қолы \_\_\_\_\_

Почта: conservatory.pk@mail.ru

**«ҚОБЫЗДЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫ: ДӘСТҮРДЕН  
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН»  
Бағдарламасы бойынша білім алушының  
ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА ПАРАҚШАСЫ**

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	26 БЕТ

Топ лекторы: \_\_\_\_\_

Оқу кезеңі: \_\_\_\_\_

Тыңдаушының аты-жөні	Формативтік баға беру						Қорытынды тестілеу	Қорытынды орта бағасы	Сертификация бойынша кеңестер
	Сабаққа қатысуы	Модуль 1 (7 сағат)	Модуль 2 (9 сағат)	Модуль 3 (8 сағат)	Модуль 4 (11 сағат)	Модуль 5 (5 сағат)			
	10 балл	7 б.	9 б.	9 б.	11 б.	5 б.	50 балл	100 балл	Ұсынбады/ұсынылмайды
	40 балл								
1									
2									
3									
4									
5									

### 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Автордың аты-жөні	оқу-әдістемелік әдебиеттердің атауы	Басылымы, шыққан жылы
<b><i>Негізгі әдебиет</i></b>		

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	27 БЕТ

Жубанов А.	Струны столетий	Алма-ата, 1958
Затаевич А.	500 казахских песен и кюев	Алматы, 2002
Сейдімбек А.	Қазақтың күйлері	Алматы, 2002
Аманов Б., Мухамбетова А.	Казахская традиционная музыка и XX век	Алматы, «Дайк Пресс», 2002
Қосбасаров Б.	Қобыз сазы	Алматы «Өнер», 1983
Қосбасаров Б.	Қобыз өнері	Алматы, 2016
Қосбасаров Б.	Қыл қобыз бен фортепианоға лайықталған шығармалар	Алматы «All&Companу», 2015
Бекенов У.	Өркен жайған қобыз өнер	Алматы «Мектеп», 1980
Бекенов У.	Күй табиғаты	Алматы «Өнер», 1981
Бекенов У.	Күй керуені	Алматы «Өнер», 2002
Гизатов Б.	Казахский оркестр имени Курмангазы	Алма-ата 1994
Тезекбаев Д.	Қобыз үйрену мектебі	Алматы «Өнер»», 1980
Каленбаева М.	Қобызға арналған күйлер. Хрестоматия	Алматы, 2003
Рауандина Ш.	Өнері өнеге тұлға Ф. Балғаева	Алматы «Өнер», 2018
Әбуғазы М.	Шығыстың шыңырау күйлері	Өскемен «Шығыс Полиграф», 2009
Андарбаев К.	Виолончель мен басқобызға арналған пьесалар	Алматы «Өнер», 1983
Жарқынбеков М.	Ғасырлар үні	Шымкент, 1986

### **Қосымша әдебиеттер**

**және электрондық-бағдарламалық құрылдар ( аудио және видео материалдарға сілтеме)**

<b>Атауы</b>	<b>Электрондық ресурсқа сілтеме</b>
Лекция-концерт Мақсат Медеубек	<a href="https://youtu.be/De0wLneZFJw?si=-JYltHv3e6AoLqQ8">https://youtu.be/De0wLneZFJw?si=-JYltHv3e6AoLqQ8</a>
Фатима Балғаеваның 95 жылдығына арналған «Сызылтып сазды әуен...»	<a href="https://youtu.be/UNQGaguQY_E?si=P70ZTaR8O2Y15JsM">https://youtu.be/UNQGaguQY_E?si=P70ZTaR8O2Y15JsM</a>
Джунусова Балжанның «Сырлы қобыз сарындары» атты жеке концерті	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=Ys16GUeBNw0&amp;pp=ygUZ0pvQvtCx0YvQtyDQutC-0L3RhtC10YDRgg%3D%3D">https://www.youtube.com/watch?v=Ys16GUeBNw0&amp;pp=ygUZ0pvQvtCx0YvQtyDQutC-0L3RhtC10YDRgg%3D%3D</a>

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	28 БЕТ

Шегебаева Назымның «Аңыз қыз» атты жеке концерті	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=1FdxGbvXH2U&amp;t=8s">https://www.youtube.com/watch?v=1FdxGbvXH2U&amp;t=8s</a>
Концерт. Сольный концерт Алматы Сайжана «Хан Кене»	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=O3xdPVp9e84&amp;p=ygUm0LrQvtCx0YvQtyDQvNGD0LfrI9C60LAg0LrQvtC90YbQtdGA0YI%3D">https://www.youtube.com/watch?v=O3xdPVp9e84&amp;p=ygUm0LrQvtCx0YvQtyDQvNGD0LfrI9C60LAg0LrQvtC90YbQtdGA0YI%3D</a>
Первое исполнение концерта для кобыза с оркестром Сыдыка Мухамеджанова Г.Молдакаримова	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=bG3D6Xzmnbl&amp;p=ygUm0LrQvtCx0YvQtyDQvNGD0LfrI9C60LAg0LrQvtC90YbQtdGA0YI%3D">https://www.youtube.com/watch?v=bG3D6Xzmnbl&amp;p=ygUm0LrQvtCx0YvQtyDQvNGD0LfrI9C60LAg0LrQvtC90YbQtdGA0YI%3D</a>

БА БАҒДАРЛАМА	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	29 БЕТ